

Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік Комитеті 1996 жылғы 20 қыркүйек N 9/7 Қаулы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 2 желтоқсанда N 229 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2004 жылғы 15 желтоқсандағы N 495-НҚ бұйрығымен.

-----бұйрықтан үзінді-----

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1109 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 18-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала
о т ы р ы п б ұ й ы р а м ы н :

1. "Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсету Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 20 қыркүйектегі N 9/7 қаулысының күші жойылды деп танылсын...

Т ө р а ғ а

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмысты жандандыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 22 маусымдағы N 864 P950864_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы "Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелерін" әзірледі.

Ұсынылып отырған Ережелердің жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөнінде қолданылып жүрген заңдардың талаптарына сәйкес әзірленді және тұрмыстық қызмет көрсету саласында тұтынушылар мен атқарушылар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге арналған, жобада тұтынушылардың құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ететін ережелер бар.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің

Ережелері ескертпелер ескеріліп, бекітілсін.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы (Осипова Г.М.):

"Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелерін" мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Талдау, ақпарат және ұйымдастыру жұмысы басқармасы (Әйменов Х.А.):

баспасөз конференциясын өткізсін және "Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелерін" бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Комитет Төрағасының орынбасары Т.Г.Квятковскаяға жүктелсін.

Алқа төрағасы

Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің

Ережелері

Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік Комитетінің 1996 жылғы 20 қыркүйектегі нөмірі 9/7 алқа қаулысымен

Бекітілген

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасында халыққа тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелері Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді, ол тұрмыстық қызмет көрсету саласында тұтынушылар мен атқарушылардың арасындағы қарым-қатынастарды реттейді.

2. Ережелер меншік нысандарына қарамастан барлық заңды тұлғаларға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрғындардың жеке тапсырмалары бойынша:

аяқ киім жөндеу;

ортопедтік аяқ киімді қоса алғанда аяқ киім тігу;

тігін, мех, трикотаж және былғары бұйымдарын, бас киімдер мен тоқыма галантереясы бұйымдарын тігу мен жөндеу;

трикотаж бұйымдарын тігу мен тоқу;

тұрмыстық мәшинелер мен аспаптарды жөндеу, металл бұйымдарын жөндеу мен жасау, оның ішінде:

телевизорларды, радиоаппаратураны, күйтабақ ойнатқыштар, радиолалар, магнитофондар, тоназытқыштар, шаңсорғыштар, кір жуатын, тігін және басқа да

мәшинелер мен аспаптарды жөндеу;
жиһаз жөндеу;
жиһаз жасау;
химиялық жобалау мен бояу;

кір жуу қызметін көрсету (жанама қызметті өңдеуге берілген заттарды шағын жөндеуді қоса алғанда);

тұрғын үйлерді (пәтерлерді, гараждарды, аялдамаларды) жөндеу мен салу;
дыбыс жазу салондарының қызметін қоса алғанда суретке түсіру және сурет-кинолабораториялары қызметін көрсету;

моншалар мен су бүріккіштер қызметі;
шаштараздар қызметі (париктер, шиньондар дайындауды қоса алғанда);
салт-жора қызметі (мамандандырылған дүкендер арқылы жерлеуге қажетті керек-жарақты сатуды қоса алғанда);

салт-жора қызметі (жерлеуге қажетті керек-жарақты, ескерткіштерді, құлпы тастарды, гүлзарларды, азанама веноктарын әзірлеу);

тұрмыстық қызметтің басқа да түрлерін (жеке меншік үйлерді газдандыру, азаматтардың тапсырыстары бойынша ауылшаруашылық өнімдерін ұқсату және т.б.) көрсетумен айналысатын азаматтарға қолданылады.

Жүк тасымалдаумен, азаматтардың көлік құралдарына техникалық қызмет көрсетумен және оларды жөндеумен айналысатын, сондай-ақ ломбардтардың, сақтау камераларының, заттарды уақытша пайдалануға беру және сауда жүйесінде сатып алынған бұйымдардың олардың пайдаланудың кепілдік мерзімі кезінде ақауларын жөндеу қызметін көрсететін заңды тұлғалар мен азаматтардың қызметі арнайы ережелермен реттеледі.

3. Егер атқарушылар азаматтардың жеке тапсырыстары бойынша киім-кешек, бас киімдер, жиһаз, былғары-галантерея, металл және басқа бұйымдар жасаумен қатар тұтынушының алдын ала тапсырысынсыз бұйымдарды жаппай және топ-тобымен өндіріп, кейін оларды халыққа сататын болса, онда олардың тұтынушылармен қарым-қатынастары (бұйымдардың сапасына деген талаптарды, кепілдіктерді, жауапкершілік шараларын және басқаларды қоса алғанда) "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" деп аталатын ІІ бөлімінде белгіленген тәртіп бойынша реттеледі.

4. Қызмет көрсетумен (жұмыстар атқарумен) айналысатын кәсіпорындардың маңдайшаларында өз қызметінің бағыты, атауы мен заңды мекен-жайы, сондай-ақ жұмыс тәртібі көрсетілген жазуы болуы міндетті.

Жеке меншік кәсіпкер тіркелуі және өзін тіркеген органның атауы туралы, сондай-ақ көрсетілген қызметке (атқарылатын жұмысқа) міндетті талаптар қолданылатын стандарт туралы ақпарат, олардың сертификатталуы жайында мәліметтер беруі тиіс.

5. Атқарушы көрсететін қызметі (атқаратын жұмысы), оған ақы төлеудің нысаны мен тәртібі, қызмет көрсету ісі кәсіпорынның тұрақты орналасқан жерінен тыс жерлерде уақытша үй-жайларда, жылжымалы қабылдау пункттерінде, барып қызмет көрсететін бригадалар арқылы атқарылатын жағдайларды қоса алғанда, көрнекті және ұғынықты түрде тұтынушыға дер кезінде ақпарат беруге міндетті.

Бұл ақпарат кәсіпорынның тапсырыс қабылданатын үй-жайында тұтынушы көре алатын ыңғайлы жерде орналасуы тиіс, сондай-ақ:

Қазақстан Республикасында тұрмыстық қызмет көрсетудің Ережелері, "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңынан үзінділер (көшірмелер);

жергілікті әкімшіліктің халыққа тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі нормативтік құжаттары;

жергілікті әкімшілік жанындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау органы туралы мағлұматтар;

негізгі қызмет (жұмыс) түрлері мен тұтынушының тілегі бойынша көрсетілетін жанама және басқа қызметтің (жұмыстардың) және оларды көрсету нысандарының тізбесі;

тұтынушыларға көрсетілетін қызметтің (жұмыстың) сапасы, сондай-ақ қызмет (жұмыс) атқарушының кепілдікті міндеттемелері, міндетті талаптарға сай келетін стандарттардың атаулары;

көрсетілетін қызмет (жұмыс) түрлерінің преysкуранты (преysкуранттардан көшірмелер), не болмаса бағасы, осы орайда атқарушы пайдаланатын материалдардың, қосалқы бөлшектердің және әбзелдердің (олардың үлгілерінде көрсетілген) бағасы, сондай-ақ жедел тапсырыстардың шарттары мен атқарылу мерзімдеріне сәйкес үстеме ақылардың мөлшері;

егер Қазақстан Республикасының заңдарында лицензиялау көзделген болса, аталған қызмет көрсету (жұмыс атқару) құқығы жөніндегі лицензия;

қызмет көрсету (жұмыс атқару) кезінде атқарушының тұтынушыға ұсынатын материалдары мен әбзелдерінің үлгілері;

үлгі шарттардың, түбіршектердің, жетондардың, сенімхаттардың, талондардың және атқарушының тапсырыстары қабылдап алғанын және тұтынушының қызметке (жұмысқа) ақы төлегенін куәландыратын басқа құжаттардың үлгілері;

тұтынушылардың кейбір санаттары үшін Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген жеңілдіктер мен артықшылықтар туралы мағлұматтар міндетті түрде болуы тиіс.

Егер қызмет (жұмыс) туралы, сондай-ақ атқарушы туралы ойдағыдай емес ақпарат (жеткіліксіз немесе айтарлықтай толық емес) берілуі салдарынан

тұтынушыға сапасыз қызмет көрсетілсе (жұмыс атқарылса) ол шартты бұзуға және өзіне келтірілген шығынның өтелуін талап етуге құқылы;

тұтынушының өміріне, денсаулығына немесе мүлкіне зиян келтірілсе - ол шартты бұзуға және өзіне келтірілген шығынның толық көлемінде өтелуін талап етуге құқылы.

II. Қызмет көрсетуге (жұмыс атқаруға) тапсырыстар қабылдау және оларды рәсімдеу

6. Атқарушы өзінің қызметінің бағытына сай келетін қызметке (жұмысқа)
тапсырыстар қабылдайды.

Қызмет көрсету (жұмыс атқару) жөніндегі тапсырыстар тікелей кәсіпорындарда, олардың филиалдарында не тұтынушылардың жұмыс, оқу, демалыс және тұрғылықты орны бойынша, сондай-ақ телефон (оның ішінде автомат қондырғылары) мен почта арқылы қабылданады.

7. Қызмет көрсету (жұмыс атқару) жөніндегі тапсырыс шартпен немесе белгіленген нысандағы басқа құжатпен рәсімделіп, онда:

атқарушының заңды мекен-жайы, тапсырыс берушінің тегі мен аты-жөні, оның телефоны мен мекен-жайы;

тапсырыс қабылданған дата, тапсырысты орындаудың басталу және аяқталу мерзімі, аванс сомасы (толық сома), тапсырысты қабылдаушы мен берушінің қойған қолдары;

қызмет (жұмыс) түрі, атқарушы мен тұтынушының материалдарының (затының) атауы, олардың құны, қызмет көрсету (жұмыс атқару) үшін қажетті саны, жөндеуге тапсырылатын бұйымның зауытта қойылған нөмірі;

басқа реквизиттер толтырылады.

Бұйымдар жасауға тапсырыстар сән журналдары немесе үлгілер бойынша, сондай-ақ тұтынушының немесе дайындаушының эскиздері бойынша қабылданады. Тұтынушының қол қойып айғақтаған тілегі бойынша атқарушымен келісе отырып бұйымдарды дайындаудың үлгілері мен технологиясынан ауытқуларға жол берілуі мүмкін, бұл орайда олар тұтынушының қауіпсіздігіне, өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға хауіп төндірмейтін, сондай-ақ тұтынушының мүлкіне зиян келтірмейтін болуы тиіс.

Сол сияқты тапсырыстарды жетон, талон, сомалық чек және сол сияқтыларды беру арқылы да рәсімдеуге болады.

8. "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, сондай-ақ осы Ережемен салыстырғанда тапсырыс тұтынушылардың құқықтарына нұқсан келтіретіндей түрде рәсімделген шарттың немесе өзге құжаттың ережелері жарамсыз деп танылады.

Егер тұтынушының құқықтарына нұқсан келтіретін шарт ережелерінің қолдануына байланысты тұтынушы зиян шексе ондай зиян, оның ішінде

тұтынушының қызмет (жұмыс) түрлерін еркін таңдап алу құқықтарын бұзу арқылы келтірілген зиян толық көлемінде өтеуге жатады.

9. Атқарушының төлемақы үшін қызмет (жұмыс) түрлерін тұтынушыға күштеп таңуға, сондай-ақ қызметтің (жұмыстың) бір түрін көрсетуді міндетті түрде екінші түрін атқарумен байланыстыруға құқығы жоқ.

Жедел қызмет (жұмыс) атқару (жылдамдатқаны үшін үстеме ақы алу) мен жанама қызмет көрсету ісін атқарушы тек шартқа сәйкес қана жүргізе алады.

Тұтынушы өзінің келісімінсіз көрсетілген жанама қызмет (жұмыс) үшін төленген соманың қайтарылуын талап етуге құқылы.

10. Тұтынушы атқарылған жұмыс үшін атқарушыға сыйақы төлеп және шарттың бұзылуы салдарынан атқарушыға келтірілген тікелей шығынды өтеп, қызмет көрсету (жұмыс атқару) туралы шартты кез-келген уақытта бұзуға құқылы.

Тапсырыс орындалысымен (немесе жойылысымен) атқарушы тұтынушыға ақысы төленген материалдардың жұмсалуы туралы есеп беруге және олардың қалдықтарын, сондай-ақ алмастырылған (ақаулы) тараптар мен бөлшектерді қайтаруға міндетті.

11. Атқарушы өзіне тұтынушы берген материалдардың (заттардың) сақталуы мен дұрыс пайдаланылғаны үшін жауап береді.

Тұтынушыдан алынған материал (зат) түгелдей немесе ішінара жойылған (бүлінген) жағдайда атқарушы оны сондай сападағы біртектес материалмен (затпен) алмастыруға, ал оған жағдай жоқ болғанда - жойылған (бүлінген) материалды (затты) нарықтық құны бойынша өтеуге, сондай-ақ тұтынушы тартқан шығынның орнын жабуға міндетті. Тұтынушының материалы түгелдей немесе ішінара жойылған (бүлінген) жағдайда атқарушы тұтынушының тілегі бойынша шартты дереу арада жаңғыртуға және бір тектес материалдан (заттан) техникалық тұрғыдан ең қысқа мерзім ішінде бұйымды жасап беруге міндетті.

Егер атқарушы материалдың (заттың) жойылуына (бүлінуіне) әкеп соқтыратын айрықша ерекшеліктері туралы тұтынушыға алдын ала ескертсе, атқарушы тұтынушыдан алынған материалдың (заттың) түгелдей немесе ішінара жойылғаны (бүлінгені) үшін жауапкершіліктен босатылады. Атқарушының аталған ерекшеліктерді білмеуі оны жауапкершіліктен босатпайды.

Табиғаттың дүлей күші, апат, Үкімет жарияланған төтенше жағдай сияқты тұтқиыл оқиғалар кезінде тұтынушыдан алынған материалдың (заттың) түгелдей немесе ішінара жойылғаны (бүлінгені) үшін атқарушы жауапкершіліктен босатылады.

А т қ а р у ш ы :

тұтынушыдан алынған материалдың (заттың) жарамсыздығы немесе оның сапасының нашарлығы туралы;

тұтынушының нұсқауларын орындаудың және оған байланысты басқаша жағдаяттардың атқарылатын жұмыстың жарамдылығы мен тиянақтылығына қауіп туғызатыны туралы;

жасалған (жөнделген, өңделген) бұйымдарды және басқа бір қызметтің (жұмыстың) нәтижелерін тиімді әрі қауіпсіз пайдаланудың шарттары туралы;

атқарушының қолынан келмейтін тұтынушыға көрсетілетін қызметтің (жұмыстың) сапасына нұқсан келтіретін басқа бір жағдаяттардың бар екені туралы тұтынушыны күні бұрын ескертуге міндетті.

Егер атқарушының дер кезінде және негізді ескертуіне қарамастан, тұтынушы жарамсыз немесе сапасы нашар материалды қолайлы мерзімде алмастырмаса, жұмысты атқарудың тәсілі туралы нұсқауларды өзгертпесе, не жұмыстың жарамдылығы мен тиянақтылығына қауіп туғызатын жағдайларды жоймаса, атқарушы шартты бұзуға және шеккен зиянды өндіріп алуға құқылы.

Егер атқарушы материалдың (заттың) жарамсыздығы немесе оның сапасының нашарлығы, жұмысты атқарудың тәсілдері туралы тұтынушының нұсқауларын орындаудың мүмкін еместігі, сондай-ақ жұмыстың жарамдылығы мен тиянақтылығына қауіп туғызатын атқарушының қолынан келмейтін басқа жағдаяттардың бар екені туралы тұтынушыға ескертпесе және бұл жайында белгіленген нысандағы құжатта көрсетпесе, ол тапсырыстың ойдағыдай орындалмағаны үшін жауап береді:

12. Шарт (түбіршек) немесе тапсырыс рәсімделетін басқа құжат жоғалған жағдайда тұтынушы бұл туралы атқарушыға хабарлауға міндетті.

Бұл жағдайда шартта көрсетілген бұйым тұтынушыға жазбаша түрдегі арызы мен төлқұжаты, болмаса өз басын анықтайтын басқа құжат негізінде беріледі.

III. Қызмет көрсету (жұмыс атқару)

13. А т қ а р у ш ы :

мемлекеттік (муниципалдық) кәсіпорындар үшін тиісті жергілікті әкімшілік органының шешімімен белгіленген немесе басқа ұйымдық-құқықтық нысандардың кәсіпорындары үшін меншік иесі деп жарияланған жұмыс р е ж и м і н і ң о р ы н д а л у ы н ;

стандарттардың міндетті талаптарына, тұтынушымен жасалынған шарттың ережелеріне, сондай-ақ көрсетілетін қызмет (атқарылатын жұмыс) туралы ақпаратқа сай келетін, ойдағыдай сапалы қызмет көрсетуді (жұмыс атқаруды);

жасалған (жөнделген) бұйымдардың және басқа да көрсетілетін қызметтің (атқарылатын жұмыстың) оларды пайдаланудың белгіленген мерзімі бойынша қауіпсіздігін ;

бұйымдарды жасау, ғимараттарды (тұрғын үйлерді) және басқаларын жөндеу жөніндегі кепілдік міндеттемелердің стандарттарда көзделген мерзім бойынша орындалуын қамтамасыз етеді. Бұл мерзім тұтынушыдан тапсырыс алынған

күннен, ал тұтынушының кінәсінен тапсырыс уақыты алынбаған жағдайда - тапсырысты (жұмысты) орындау жөнінде шартта белгіленген мерзімнен (күннен) кейінгі оныншы күннен бастап есептеледі.

14. Атқарушы шартта көзделген мерзімде қызмет көрсетуге (жұмыс атқаруға) міндетті. Тапсырысты орындау мерзімі тапсырыс қабылданған күнтізбелік датадан кейінгі күннен бастап есептеледі. Егер тапсырысты орындаудың басталу мен аяқталу мерзімі жұмыс емес күнге тура келсе, онда ол келесі жұмыс күнінен б а с т а п е с е п т е л е д і .

Қызмет көрсету (жұмыс атқару) мерзімі ол көрсетілуге (атқарылуға) тиісті дата, сондай-ақ атқарушы оны көрсетуге (атқаруға) кірісетін дата болып белгіленуі мүмкін. Егер шартта қызмет көрсету (жұмыс атқару) мерзімі келісім бойынша бөліп-бөліп орындау келісілген болса, онда оны көрсетудің (атқарудың) тиісті мерзімдері көзделуі тиіс.

15. Орындалған тапсырыста кемшіліктер байқалған жағдайда тұтынушының қ ұ қ ы қ т а р ы :

а) көрсетілген қызметте (атқарылған жұмыста) кемшіліктер байқалған жағдайда тұтынушы өзінің қалауы бойынша:

көрсетілген қызметтегі (атқарылған жұмыстағы) кемшіліктердің тегін д ұ р ы с т а л у ы н ;

көрсетілген қызмет (атқарылған жұмыс) үшін сыйақының тиісінше кемітілуін ;

сондай сапалы біртектес материалдан екінші бұйымның тегін жасалуын немесе жұмыстың (кір жуудың, химиялық тазалаудың) қайталап атқарылуын немесе кемшіліктерді өзінің немесе үшінші тараптың қаражатымен түзету жөнінде оның тартқан шығынының өтелуін талап етуге құқылы.

Егер көрсетілген қызметтегі (атқарылған жұмыстағы) кемшіліктерді атқарушы белгіленген мерзімде дұрыстамаса шартты бұзуға және шығынның өтелуін талап етуге құқылы.

Сол сияқты тұтынушы көрсетілген қызметте (атқарылған жұмыста) елеулі кемшіліктерді немесе шарттың ережелерінен айтарлықтай ауытқуларды байқаса да, ол шартты бұзуға құқылы. Бұл орайда шарт тұтынушының жазбаша өтінішінің негізінде бұзылып, оның бұзылу себептері көрсетіледі. Тұтынушыға ақшаны қайтаруға байланысты шығын, сондай-ақ шикізат пен материалдардың шығыны атқарушының есебінен өтеледі;

б) осы тармақтың "а" тармақшасындағы көзделген талаптарды тұтынушы тапсырысты алу кезінде немесе оның орындалу барысында қоя алады, ал тапсырысты алу кезінде кемшіліктерді байқау мүмкін болмаған жағдайда - кепілдікті мерзімде, болмаса екі жақ үшін міндетті болып табылатын ережелермен немесе басқа шартпен белгіленген мерзім ішінде білдіре алады;

құрылыстағы немесе басқа жылжымайтын мүліктегі жұмысты қабылдап алу кезінде анықтау мүмкін болмаған кемшіліктерге байланысты талаптар кепілдікті мерзім ішінде, ал ондай мерзім болмаса - жұмыс қабылданып алынған соң бір жыл ішінде білдіріледі.

16. Атқарушы қызмет көрсетудің (жұмыс атқарудың) барысында байқалған кемшіліктерді тұтынушы белгілейтін ыңғайлы мерзімде түзетуі тиіс.

Тапсырысты қабылдау кезінде шартта (тараптардың келісімінде) неғұрлым қысқа мерзім белгіленбесе, тұтынушының тапсырыс алу тұсында байқалған кемшіліктері 7 күн ішінде түзетілуі тиіс.

Кемшіліктерді жоюдың тұтынушы белгілеген (немесе екі жақ келіскен) мерзімі шартта не тараптар қол қоятын басқа құжатта көрсетіледі.

Кемшіліктерді жоюдың осы тармақта көзделген мерзімін бұзғаны үшін атқарушы Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта көзделгендей айыппұл төлеуге міндетті.

17. Қызмет көрсету (жұмыс атқару) мерзімі бұзылған немесе тапсырыс уақтылы алынбаған жағдайда тұтынушы мен атқарушының құқықтары "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңда көзделген.

18. Ақауды түзетуден, болмаса келтірілген зиянды ерікті түрде өтеуден атқарушы бас тартқан жағдайда, тұтынушының сотқа жүгінуге құқығы бар.

ІҮ. Көрсетілген қызметке (атқарылған жұмысқа) ақы төлеудің тәртібі мен нысаны

19. Көрсетілген қызметке (атқарылған жұмысқа) ақы төлеудің нысаны тұтынушы мен атқарушы арасындағы келісім бойынша белгіленеді.

20. Қызмет (жұмыс), сондай-ақ тапсырыстарды орындау кезінде атқарушы пайдаланатын материалдардың, қосалқы бөлшектердің, әбзелдердің және жинақтаушы бұйымдардың құны үшін тұтынушы бәсекелесуші нарықтың, тауарлардың сапасы мен тұтыну қасиеттері негізінде қалыптасатын еркін баға бойынша ақы төлейді.

21. Шарт жасасу кезінде тұтынушы:

тұтынушының қатысуымен, сондай-ақ өзіне-өзі қызмет көрсету әдісімен атқарылатын (қызметтің, жұмыстың барлық түрлері);

кино-сурет лабораториялары мен суретханалардың, салтанатты шаралар мен салт-жоралғы қызметін көрсететін кәсіпорындардың;

аяқ киімді күрделі жөндеу мен жаңарту жөнінде атқарылатын; сыйлықтарды, кәдесый мен басқа да бұйымдарды сатып алу, жеткізу және қайта жөнелту;

трикотаж бұйымдарын тоқуға, киім-кешекті пішу мен тігуге, суретке түсіруге үйрету;

зергерлік бұйымдарды тексеріп белгі соғу;

моншалар мен су бүріккіштердің, жүк жеткізу мен делдалдық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарға толық ақы төлейді.

Жиһаз жасау мен жөндеу, тұрғын және тұрғын емес үй-жайларды жөндеу мен салу, аяқ киімді, тігін және трикотаж бұйымдарын жасау, күрделі жөндеу және жаңарту қызметі көрсетілетін тұтынушы шарт негізінде алдын ала келісілген ақы төлейді.

22. Шартта көзделген жұмыстарды атқару туралы кесімді немесе шамаланған мөлшерде смета жасалуы мүмкін.

Егер тұтынушы қосымша жұмыс атқаруға келісім бермесе, немесе атқарушыға ондай жұмыстар атқаруды тапсырмаса, атқарушы кесімді сметаға енгізілмеген шығындарға ақы төлеуді талап ете алмайды.

Егер шамаланған мөлшерде сметаны көбейту қажеттігі туса, атқарушы бұл жөнінде тұтынушыны дереу ескертуге міндетті. Бұл орайда тұтынушы әуел баста белгіленген сметаға сәйкес атқарылған жұмыс шығынын атқарушыға өтеп, шартты бұзуға құқылы.

Егер атқарушы шамаланған мөлшердегі сметаның көбейгені туралы тұтынушыға ескертпесе, онда ол сметада көзделмеген шығынның өтелуін талап етпей, жұмысты атқаруға міндетті.

23. Егер екі жақтың келісімінде атқарушының материалдары үшін есеп айырысудың басқадай тәртібі көзделмесе, атқарушының тапсырысты орындау кезінде пайдаланатын материалдарына тұтынушы шарт жасасу кезінде толығымен (немесе шартта көрсетілген мөлшерде) ақы төлейді, түпкілікті есеп айырысу тұтынушы жұмысты қабылдаған кезде жасалады.

Материал кредит түрінде төлем әдісімен берілуі мүмкін.

Атқарушы берген материалдардың бағасының кейіннен өзгеруі қайта есеп айырысуға әкеп соқтырмайды.